

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы № 13/НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы № 12 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 6 ақпанда № 18269 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.01.2023 № 21/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.01.2023 № 8 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2) алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.01.2023 № 21/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.01.2023 № 8 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғаларға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің иелері мен иеленушілеріне, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің иелері мен иеленушілеріне қатысты ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттандыру саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі

А. Жұмағалиев

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2019 жылғы 29 қаңтардағы
№ 13/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2019 жылғы 29 қаңтардағы
№ 12 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Ақпараттың қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.01.2023 № 21/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.01.2023 № 8 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасының

Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2019 жылғы 29 қаңтардағы
№ 13/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 29 қаңтардағы
№ 12 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға қатысты ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттандыру саласындағы тексеру

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.01.2023 № 21/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.01.2023 № 8 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2019 жылғы 29 қаңтардағы
№ 13/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 29 қаңтардағы
№ 12 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде ақпараттандыру саласындағы тексеру парағы

Ескерту. Тексеру парағы жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.01.2023 № 21/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.01.2023 № 8 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің

138-бабына сәйкес

мыналарға: мемлекеттік заңды тұлғаларға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған

мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің иелері мен иеленушілеріне, сондай-ақ
ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің
иелері
мен иеленушілеріне қатысты

бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тағайындау туралы акт

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жерінің мекенжайы

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|--------------------------|----------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Мемлекеттік органдардың жергілікті, ведомстволық және корпоративтік | | |

| | | | |
|---|--|--|--|
| 1 | <p>телекоммуникация желілерін, жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің (бұдан әрі – ИКИ) иелерін байланыс операторларының интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі арқылы интернетке қосуын жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау</p> | | |
| 2 | <p>Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері иеленушілерінің Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығын ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары мен оларға ден қою туралы хабардар етуі бойынша талаптарды сақтау</p> | | |
| 3 | <p>Мынадай: пайдаланушыларды сәйкестендіру, аутентификациялау және қол жеткізуді басқару; жабдықты сәйкестендіру; диагностикалық және конфигурациялық порттарды қорғау; локалдық желіні физикалық сегменттеу; локалдық желіні логикалық сегменттеу; желілік қосылымдарды басқару; брандмауэр; локалдық желінің ішкі мекенжай кеңістігін жасыру;</p> | | |

| | | | |
|---|---|--|--|
| | <p>деректердің, хабарламалардың және конфигурациялардың тұтастығын бақылау; ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдану жөніндегі талаптарды сақтау.</p> | | |
| 4 | <p>Ақпараттандыру объектілерін пайдалану кезіндегі АҚ қорғауды және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді мониторингтеу талаптарын сақтау</p> | | |
| 5 | <p>Сыртқы контурдың локалдық желілерінен интернетке қол жеткізуді ұйымдастыру кезінде интернет желісіне қосылған жұмыс станцияларында вирусқа қарсы құралдардың, операциялық жүйелердің жаңартуларының болуы</p> | | |
| 6 | <p>Ақпараттандыру объектілерін құру, сүйемелдеу және дамыту мәселелерімен айналысатын басқа құрылымдық бөлімшелерден оқшауланған құрылымдық бөлімше болып табылатын АҚ бөлімшесінің болуы немесе сертификат бере отырып, АҚ қамтамасыз етуге және АҚ қамтамасыз ету саласында кемінде үш жылда бір рет мамандандырылған курстардан өтуге жауапты лауазымды адамды айқындау.</p> | | |
| | <p>Мемлекеттік органдар (бұдан әрі – МО), жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) немесе ұйым өз қызметінде басшылыққа</p> | | |

алатын құжатталған қағидалардың, рәсімдердің, практикалық тәсілдердің немесе басшылық қағидаттардың төрт деңгейлі жүйесі түрінде АҚ-ны қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманың (бұдан әрі – ТҚ) болуы және оған сәйкестігі. АҚ ТҚ қазақ және орыс тілдерінде әзірленеді, МО-ның, ЖАО-ның немесе ұйымның құқықтық актісімен бекітіледі және МО, ЖАО барлық қызметшілерінің немесе ұйым қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

АҚ ТҚ ондағы ақпаратты талдау және жаңарту мақсатында кемінде екі жылда бір рет қайта қаралады.

1. МО-ның, ЖАО-ның немесе ұйымның АҚ саясаты бірінші деңгейдегі құжат болып табылады және МО немесе ұйым күнделікті қызметінде басшылыққа алатын АҚ-ны қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарды, міндеттерді, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерді айқындайды.

2. Екінші деңгейдегі құжаттар тізбесіне МО-ның, ЖАО-ның немесе ұйымның АҚ саясатының талаптарын нақтылайтын құжаттар кіреді, оның ішінде:

- 1) АҚ тәуекелдерін бағалау әдістемесі;
- 2) ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтерді

сәйкестендіру, жіктеу және таңбалау қағидалары;

3) ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар;

4) есептеу техникасы құралдарын, телекоммуникация жабдығын және бағдарламалық қамтылымды түгендеу мен паспорттау қағидалары;

5) ішкі АҚ аудитін жүргізу қағидалары;

6) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын (бұдан әрі – АҚҚ) пайдалану тәртібі ;

7) электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығының аражігін ажырату қағидалары;

8) интернет желісі мен электрондық поштаны пайдалану қағидалары;

9) аутентификациялау рәсімін ұйымдастыру қағидалары;

10) вирусқа қарсы бақылауды ұйымдастыру қағидалары;

11) мобильдік қондырғыларды және ақпаратты тасығыштарды пайдалану қағидалары;

12) ақпаратты өңдеу құралдарын нақты қорғауды және ақпараттық ресурстардың қауіпсіз қызмет ету ортасын ұйымдастыру қағидалары.

3. Үшінші деңгейдегі құжаттар АҚ-ны қамтамасыз ету процестері мен

рәсімдерінің сипаттамаларын қамтиды, оның ішінде:

- 1) АҚ қатерлері (тәуекелдері) каталогы;
- 2) АҚ қатерлерін (тәуекелдерін) өңдеу жоспары;
- 3) ақпаратты резервтік көшіру және қалпына келтіру регламенті;
- 4) ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын және жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары;
- 5) әкімшінің ақпараттандыру объектісін сүйемелдеу жөніндегі басшылығы;
- 6) пайдаланушылардың АҚ оқыс оқиғаларына ден қою және штаттан тыс (дағдарысты) жағдайларда әрекет ету бойынша іс-қимыл тәртібі туралы нұсқаулық.

4. Төртінші деңгейдегі құжаттар тізбесі орындалған рәсімдер мен жұмыстарды тіркеу және растау үшін пайдаланылатын жұмыс нысандарын, журналдарды, өтінімдерді, хаттамаларды және басқа да құжаттарды, сонымен бірге электрондық құжаттарды қамтиды, оның ішінде:

- 1) АҚ оқыс оқиғаларын тіркеу және штаттан тыс оқиғаларды есепке алу журналы;
- 2) серверлік үй-жайларға кіру журналы;

3) желілік ресурстардың осалдықтарын бағалауды жүргізу туралы есеп;
4) кабельдік қосылуларды есепке алу журналы;
5) резервтік көшірмелерді (резервтік көшірме, қайта қалпына келтіру), резервтік көшірмелерді тестілеуді есепке алу журналы;
6) ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі – АЖ) жабдықтар конфигурациясының өзгерістерін есепке алу, еркін бағдарламалық қамтылымның (бұдан әрі – ЕБК) және қолданбалы бағдарламалық қамтылымның (бұдан әрі – ББЖ) өзгерістерін тестілеу және есепке алу, бағдарламалық қамтылымның (бұдан әрі – БК) осалдықтарын тіркеу және жою журналы;
7) серверлік үй-жайларға арналған дизель-генераторлық қондырғыларды және үздіксіз қуат беру көздерін тестілеу журналы;
8) серверлік үй-жайлардың микроклиматын, бейнебақылауды, өрт сөндіруді қамтамасыз ету жүйелерін тестілеу журналы

Көп факторлы аутентификацияны қолдану бойынша сыныптауышқа сәйкес, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, бірінші және екінші сыныптардың ақпараттандыру

| | | | |
|----|---|--|--|
| | объектілеріне қол жеткізу кезінде талаптарды сақтау. | | |
| 9 | Лауазымдық нұсқаулықтарға және (немесе) еңбек шартының талаптарына АҚ қамтамасыз ету бойынша функционалдық міндеттерді енгізу жөніндегі талаптарды және МО, ЖАО немесе ұйым қызметшілерінің АҚ ТҚ талаптарын орындау бойынша міндеттемелерін сақтау | | |
| 10 | АКҚҚ пайдалану бойынша талаптарды сақтау | | |
| 11 | Ақпараттық жүйеде қамтылған мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, қалпына келтіру, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың сақталуы жөніндегі талаптарды сақтау | | |
| 12 | Мыналарды: электрондық ақпараттық ресурстарда (бұдан әрі – ЭАР) орналастыру, өзгерту және жою операцияларына санкция беру; ЭАР-ды орналастыру, өзгерту және жою кезінде авторлықты тіркеу; жүктелетін ЭАР-ды зиянды кодқа тексеру; орындалатын код пен сценарийлердің қауіпсіздік аудиті; орналастырылған ЭАР тұтастығын бақылау; ЭАР өзгерістер журналын жүргізу; пайдаланушылардың және бағдарламалық роботтардың қалыптан тыс белсенділігін мониторингтеуді | | |

| | | | |
|----|--|--|--|
| | орындайтын мазмұнды (контент) басқару жүйелерін қолдану бойынша ақпараттық ресурстардың АҚ (бұдан әрі – АР АҚ) қамтамасыз ету үшін талаптарды сақтау | | |
| 13 | Домендік аттың төлнұскалылығын тексеру және АР АҚ қамтамасыз ету кезінде АҚҚҚ пайдалана отырып , байланыс сеансындағы ақпаратты криптографиялық қорғау үшін тіркеу куәліктерін қолдану бойынша талапты сақтау | | |
| 14 | Виртуалдау технологиясын пайдалану кезінде сәйкестендіруді басқару бойынша талаптарды сақтау: көрсетілетін ақпараттық-коммуникациялық қызметтер клиенттерін және ерекшеленген пайдаланушыларды аутентификациялауды; пайдаланушыларды бір технологиялық платформа шегінде федеративтік сәйкестендіруді; пайдаланушыны сәйкестендіргішті жойғаннан кейін аутентификация туралы ақпаратты сақтауды; пайдаланушы өкілеттерінің бейіндерін тағайындау рәсімдерін бақылау құралдарын қолдануды талап ететін сәйкестендіруді басқару | | |
| | Виртуалдау технологиясын пайдалану кезінде АҚ | | |

| | | | |
|----|--|--|--|
| 15 | <p>оқиғаларына аудит жүргізу бойынша талаптарды сақтау:</p> <p>АҚ ТҚ-да айқындалатын рәсімдердің міндеттілігі мен тұрақтылығын;</p> <p>барлық операциялық жүйелерге, клиенттік виртуалды машиналарға, желілік компоненттердің инфрақұрылымына арналған аудит рәсімдерін жүргізуді;</p> <p>оқиғаларды тіркеу журналын жүргізуді және әкімшіге қолжетімсіз сақтау жүйесінде сақтауды;</p> <p>оқиғаларды тіркеу журналын жүргізу жүйесі жұмысының дұрыстығын тексеруді;</p> <p>оқиғаларды тіркеу журналдарын АҚ ТҚ-да сақтау ұзақтығын айқындауды талап ететін АҚ оқиғалары аудитін жүргізу</p> | | |
| 16 | <p>Виртуалдау технологиясын пайдалану кезінде АҚ оқиғаларын тіркеу талаптарын сақтау:</p> <p>әкімшілердің іс-қимылын журналға енгізуді;</p> <p>АҚ оқыс оқиғалары мен оқиғалар мониторингі жүйесін қолдануды;</p> <p>сыни оқиғаны немесе АҚ оқыс оқиғаларын автоматты тану негізінде хабарландыруды талап ететін АҚ оқиғаларын тіркеу</p> | | |
| | <p>Желілік және жүйелік әкімшілендіру рәсімдерін орындау бойынша талаптарды сақтау:</p> <p>виртуалды машиналар кескіндерінің сақталуын, операциялық жүйенің, қосымшалардың, желілік конфигурацияның, МО</p> | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 17 | <p>немесе ұйымның БҚ және деректерінің зиянды қолтаңбалардың болуын бақылауды қамтамасыз ету;</p> <p>с ы р т қ ы пайдаланушылардың аппараттық бөлікке кіруін болдырмау мақсатында аппараттық платформаны виртуалды машинаның операциялық жүйесінен бөлу</p> | | |
| 18 | <p>Резервтік көшіру жүйесімен деректерді сақтау жүйесін қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау</p> | | |
| 19 | <p>Локалдық желілерді біріктіретін бөлінген байланыс арнасын ұйымдастыру кезінде ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарын, оның ішінде криптографиялық шифрлауды АҚКҚ пайдалана отырып қолдану жөніндегі талаптарды сақтау</p> | | |
| 20 | <p>АҚКҚ пайдалана отырып ұйымдастырылған байланыс арналарын қоспағанда, ішкі контурдың ЖЖ және сыртқы контурдың ЖЖ бір-бірімен ұштасуын болдырмау жөніндегі талаптарды сақтау</p> | | |
| | <p>Ведомстволық электрондық поштаны, жедел хабарламалар қызметін және өзге де сервистерді МО, ЖАО қызметшілерінің және мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның (бұдан әрі – АКИ) аса</p> | | |

| | | | |
|----|--|--|--|
| 21 | <p>маңызды объектілері иелерінің: олар қызметтік міндеттерін атқарған кезде электрондық нысандағы жедел ақпарат алмасуды (қызметтік хат алмасуды) жүзеге асыру үшін, егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, Қазақстан Республикасының аумағында нақты орналасқан электрондық поштаны, жедел хабар алмасу қызметін және өзге де сервистерді, басқару орталықтары мен серверлерді пайдалану жөніндегі талаптарды сақтауы</p> | | |
| 22 | <p>Локалдық желілердің белсенді жабдықтары үшін үздіксіз электрмен жабдықтаудың болуы.</p> | | |
| 23 | <p>Локалдық желінің кабельдік жүйесінің пайдаланылмайтын порттарын белсенді жабдықтан физикалық ажырату бойынша талапты сақтау</p> | | |
| 24 | <p>Желіаралық экрандауды пайдалану бойынша талаптарды сақтау</p> | | |
| 25 | <p>Серверлік үй-жайда орнатылған жабдықты техникалық сүйемелдеу кезінде құжаттаудың болуы: 1) жабдыққа қызмет көрсету; 2) аппараттық-бағдарламалық қамтылымның жұмысында пайда болатын проблемаларды жою; 3) кідірулер мен істен шығу фактілері, сондай-ақ қалпына келтіру жұмыстарының нәтижелері;</p> | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| | <p>4) өте маңызды жабдыққа кепілдікті қызмет көрсету мерзімі аяқталған соң кепілдікті мерзімнен кейінгі қызмет көрсету құжатталады.</p> <p>Құжаттау нысаны мен тәсілі өздігінен айқындалады</p> | | |
| 26 | <p>Серверлік үй-жайға санкцияланған кіруді және одан санкцияланған шығуды қамтамасыз ететін серверлік үй-жайда кіруді бақылау және басқару жүйесінің болуы. Кіру есігінің бөгейіш құрылғылары мен конструкциясы кіру есігінің тамбуры арқылы к і р у сәйкестендіргіштерін кері бағытта беру мүмкіндігін болдырмауы тиіс.</p> <p>Кіруді бақылау және басқару жүйесінің орталық басқару құрылғысы бөгде адамдардың кіруінен қорғалған жеке қызметтік үй-жайларда, күзет бекетінің үй-жайларында орнатылады. Күзет персоналы тарапынан жүйенің жұмыс режиміне әсер ететін кіруді бақылау және басқару жүйесінің бағдарламалық құралдарына қол жеткізуге жол берілмейді.</p> <p>Кіруді бақылау және басқару жүйесін электрмен жабдықтау кезекші жарықтандыру қалқанының еркін тобынан жүзеге асырылады. Кіруді бақылау және басқару жүйесі резервтік электрмен қоректендірумен қамтамасыз етіледі</p> | | |

| | | | |
|----|--|--|--|
| 27 | Серверлік үй-жайда орнатылған АКИ объектілерін сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін уәкілетті тұлғалар тізімінің өзекті күйінде болуы | | |
| 28 | Серверлік үй-жайда микроклиматты қамтамасыз ету жүйесінің болуы; микроклиматты қамтамасыз ету жүйесі ауаны баптау, желдету және микроклиматты бақылау жүйелерін қамтиды; ауаны баптау жүйесі резервтеу арқылы қамтамасыз етіледі; серверлік үй жайдың кондиционерлерін электрмен қоректендіру кепілді электрмен қоректендіру жүйесінен немесе үздіксіз электрмен қоректендіру жүйесінен жүзеге асырылады; ауа баптау және желдету жүйелері өрт дабылы бойынша автоматты түрде ажыратылады. | | |
| 29 | Серверлік үй-жайда күзет дабылы жүйесінің болуы; серверлік үй-жайдың күзет дабылы жүйесі ғимараттың қауіпсіздік жүйелерінен бөлек орындалады; құлақтандыру дабылдары тәулік бойы күзет үй-жайына жеке пульт түрінде шығарылады; серверлік үй-жайдың барлық кірістері мен шығулары, сондай-ақ серверлік үй-жайдың ішкі көлемі бақылауға және күзетуге жатады; күзет дабылы жүйесінің | | |

| | | | |
|----|--|--|--|
| | резервтік қоректендірудің өзіндік көзі болады. | | |
| 30 | Серверлік үй-жайда бейнебақылау жүйесінің болуы: бейнебақылау жүйесі камераларының орналасуы серверлік үй-жайға барлық кірулер мен шығуларды, жабдықтың жанындағы кеңістік пен өтулерді бақылауды қамтамасыз етуді ескере отырып таңдалады; көру бұрышы мен камералардың рұксаты бетті тануды қамтамасыз етуі тиіс; камералардан алынған сурет тәулік бойы күзет үй-жайына жеке пультке шығарылады. | | |
| 31 | Серверлік үй-жайда өрт дабылы жүйесінің болуы: серверлік үй жайдың өрт дабылы жүйесі ғимараттың өрт дабылынан бөлек орындалады; сервер бөлмесінде датчиктердің екі түрі орнатылған: температура және түтін; датчиктер серверлік үй-жайдың жалпы кеңістігін және көтерілген фальсеннен және (немесе) көтерілген фальштөбеден пайда болған көлемдерді бақылайды; өрт дабылы жүйесінің хабарландыру сигналдары тәулік бойы күзет үй-жайына пультке шығарылады. | | |
| | Серверлік үй-жайда өрт сөндіру жүйесінің болуы: серверлік үй-жайдың өрт сөндіру жүйесі ғимараттың өрт сөндіру | | |

32

жүйесіне тәуелсіз газды өрт сөндірудің автоматты қондырғысымен жабдықталады; өрт сөндіргіш ретінде газды өрт сөндірудің автоматты қондырғысында арнайы улы емес газ пайдаланылады; ұнтақты және сұйық өрт сөндіргіштер пайдаланылмайды; газды өрт сөндіру қондырғысы тікелей серверлік үй жайда немесе оның жанында осы үшін арнайы жабдықталған шкафта орналастырылады; өрт сөндіру жүйесін іске қосу түтіннің пайда болуына жауап беретін өртті ерте анықтау датчиктерінен, сондай-ақ үй-жайдан шығатын жерде орналасқан қол датчиктерінен жүргізіледі ; өрт сөндіру жүйесінің іске қосылуы туралы хабарлама үй-жайдың ішінде және сыртында орналастырылатын таблоға шығарылады.

33

Серверлік үй-жайда кепілдендірілген электрмен жабдықтау жүйесінің болуы: электр энергиясының барлық көздері негізгі енгізуде электр қуатын беруді тоқтату, үзіліс кезінде электр қуатын резервтік енгізуге автоматты түрде ауыстыруды жүзеге асыратын резервті енгізу автоматына беріледі; кепілдендірілген электрмен жабдықтау жүйесі үздіксіз коректендіру көздері

| | | | |
|----|---|--|--|
| | арқылы серверлік үй-жай жабдықтары мен жүйелерін электрмен жабдықтауды көздейді. | | |
| 34 | Серверлік үй-жайда жерге тұйықтау жүйесінің болуы: серверлік үй жайдың жерге тұйықтау жүйесі ғимараттың қорғаныш жерге тұйықталуынан бөлек орындалады; серверлік үй-жайдың барлық металл бөліктері мен конструкциялары ортақ жерге тұйықтау шинасымен жерге тұйықталады. Жабдығы бар әрбір шкаф (тірек) ортақ жерге тұйықтау шинасына қосылатын жеке өткізгішпен жерге тұйықталады; ақпаратты өңдеу жабдығының ашық өткізгіш бөліктері электр қондырғысының негізгі жерге тұйықтау қысқышына қосылуы тиіс; кернеуден қорғау құрылғыларын негізгі жерге тұйықтау шинасына қосатын жерге тұйықтау өткізгіштері ең қысқа және тік (бұрыштары жоқ) болуы тиіс. | | |
| 35 | Кростық үй-жайда электромагниттік кедергілердің қуатты көздерінің (трансформаторлар, электр қалқандары, электр қозғалтқыштар және басқалары) болмауы | | |
| 36 | Сумен жабдықтау жүйесінің бұрандалары мен құбырларының болмауы | | |
| | | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 37 | Кростық үй-жайда өрт қауіпсіздігі жүйесінің болуы | | |
| 38 | Кростық үй-жайда жеңіл жанатын материалдардың (ағаш сөрелер, картон, кітаптар және басқалары) болмауы | | |
| 39 | Кростық үй-жайда жоба бойынша шкафты қосу үшін автоматтан бөлек жеке электр қуатталу желісінің болуы | | |
| 40 | Кростық үй-жайда сигнализациялық күзет жүйесінің, кіруді бақылау жүйесінің болуы | | |
| 41 | Кростық үй-жайда ауа баптау жүйесінің болуы | | |
| 42 | Ақпараттандыру объектілерін тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде құралдар мен жүйелер пайдаланылады: оқиғаларды және АҚ оқыс оқиғаларын ақпараттық инфрақұрылымды мониторингтеу және басқару; басып кірудің алдын алу және анықтау. | | |
| 43 | Ақпараттық қауіпсіздіктің жеке жедел орталығын құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету немесе үшінші тұлғалардан ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қызметтерін сатып алу жөніндегі талаптарды сақтау, сондай-ақ оның Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылы | | |
| | Тіркелген. KZ және (немесе). ҚАЗ домендік атауы бар интернет-ресурсты | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 44 | <p>Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастыру жөніндегі талапты сақтау.</p> <p>Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде. KZ және (немесе). ҚАЗ домендік аттарын пайдалану қауіпсіздік сертификаттарын қолдану арқылы жүзеге асырылу талаптарын сақтау</p> | | |
| 45 | Серверлік жабдықтың конфигурациясын тексере отырып, оны тұрақты негізде түгендеу жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау | | |
| 46 | <p>Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімінен елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігі үшін АҚ қамтамасыз ету талаптарын іске асыру мақсатында тауарларды сатып алу жөніндегі талаптарды сақтау. Бұл ретте, Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімінде қажетті өнім болмаған жағдайда тауарларды сатып алуға жол беріледі.</p> | | |
| | <p>МО-да, ЖАО-да немесе ұйымда АҚ-ның бұзылу оқиғаларын бақылау мақсатында талаптарды сақтау:</p> <p>1) АҚ-ны бұзуға байланысты оқиғалар мониторингі мен мониторинг нәтижелерін талдау жүргізіледі;</p> | | |

2) АҚ-ның жай-күйіне байланысты оқиғалар тіркеліп, оқиғалар журналдарын, оның ішінде:

операциялық жүйелердің оқиғалар журналдарын;
дерекқорларды басқару жүйелерінің оқиғалар журналдарын;
вирусқа қарсы қорғау оқиғаларының журналдарын;
қолданбалы БҚ оқиғалар журналдарын;
телекоммуникациялық жабдықтың оқиғалар журналдарын;
шабуылдарды анықтау және алдын алу жүйелерінің оқиғалар журналдарын;
контентті басқару жүйесі оқиғаларының журналын талдау арқылы бұзушылықтар анықталады;

3) оқиғаларды тіркеу журналдарындағы уақытты уақыт көзінің инфрақұрылымымен үйлесімді қамтамасыз ету ;

4) оқиғаларды тіркеу журналдарын АҚ ТҚ-да көрсетілген мерзім ішінде сақтау, бірақ үш жылдан кем емес және екі айдан кем емес жедел қолжетімділікте болады;

5) оқиғаларды тіркеу журналдарын жүргізу;

6) оқиғаларды тіркеу журналдарын араласудан және рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз ету . Жүйелік әкімшілерде журналдарды өзгертуге, жоюға және өшіруге өкілеттіктердің болуына жол бермеу. Құпия АЖ

| | | | |
|----|---|--|--|
| | <p>журналдардың резервтік қоймасын құруды және жүргізуді талап етеді;</p> <p>6) оқиғаларды тіркеу журналдарын араласудан және авторланбаған қолжетімділіктен қорғау қамтамасыз етіледі. Жүйе әкімшілеріне журналдарды өзгертуге, жоюға және ажыратуға өкілеттік беруге жол берілмейді. Құпия АЖ үшін журналдардың резервтік қоймасын құру және оны жүргізу талап етіледі;</p> <p>7) АҚ оқыс оқиғалары туралы хабардар етудің және АҚ-ның оқыс оқиғаларына әрекет етудің формальді рәсімін енгізу қамтамасыз етіледі .</p> | | |
| 48 | <p>ЭАР, АЖ, АКИ ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөгде ұйымдарды тартқан жағдайда олардың иесі немесе иеленушісі аталған объектілермен жұмыс істеу, оларға қол жеткізу немесе пайдалану шарттары, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін жауапкершілігі белгіленетін келісімдерінің болуы</p> | | |
| 49 | <p>Жұмыстан босатылған немесе еңбек шартының талаптарына өзгерістер енгізілген кезде МО, ЖАО қызметшісінің немесе ұйым қызметкерінің жеке және логикалық қолжетімділікті, қол жеткізу, жазылу сәйкестендіргіштерін, оны МО, ЖАО жұмыс істейтін қызметшісі немесе ұйым жұмыскері ретінде сәйкестендіретін</p> | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| | құжаттаманы қамтитын ақпаратқа және ақпаратты өңдеу құралдарына қол жеткізу құқықтары оның еңбек шарты тоқтатылғаннан кейін жойылады немесе еңбек шартының талаптарына өзгерістер енгізілген кезде өзгертілу талаптарын сақтау | | |
| 50 | Кадр қызметі МО, ЖАО қызметшілерін немесе ұйым жұмыскерлерін ақпараттандыру және АҚ-ны қамтамасыз ету саласында оқытуды ұйымдастырады және есебін жүргізу талаптарын сақтау | | |
| 51 | Мемлекеттік техникалық қызметтің компьютерлік оқыс оқиғаларға әрекет ету қызметінде құпиялылық, қолжетімділік және тұтастық үшін маңызды деп анықталған оқиғаларды тіркеу жөніндегі талаптарды сақтау АҚ оқиғаларының мониторингін талдау және оқиғалар журналын талдау нәтижелері бойынша | | |
| 52 | Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңмен қорғалатын құпияны қамтитын деректерді өңдейтін АКИ аса маңызды объектілерінің иелеріне жылына кемінде бір рет ақпараттық қауіпсіздік аудитін жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау. | | |
| | АЖ-ды, БҚ-ны немесе СБӨ-ні есептен шығарған кезде ЭАР иесі және (немесе) иеленушісі ЭАР қалпына келтіру | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 53 | бойынша нұсқаулық дайындау арқылы есептен шығарылатын АЖ дерекқорын басқару жүйесінің кіріктірілген функционалы арқылы дерекқорының құрылымын және мазмұнын сақтауды қамтамасыз ету талаптарын сақтау | | |
| 54 | Сервистік бағдарламалық өнімді өнеркәсіптік пайдалану кезінде АҚ талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сынақтардың оң нәтижелері бар актінің болуы | | |
| 55 | Әзірленетін немесе сатып алынатын дайын қолданбалы БҚ пайдаланушы интерфейсін пайдаланушының тіл интерфейсін таңдау мүмкіндігімен, деректерді қазақ, орыс және қажет болған жағдайда басқа тілдерде енгізуді, өңдеу мен шығаруды қамтамасыз ету талаптарын сақтау | | |
| 56 | МО, ЖАО немесе ұйым: пайдаланушылар мен персоналдың іс-қимылы; ақпаратты өңдеу құралдарын қолдану мониторингін жүзеге асырады. | | |
| 57 | Әзірленетін немесе сатып алынатын дайын қолданбалы БҚ қазақ және орыс тілдерінде пайдалану жөніндегі техникалық құжаттамамен қамтамасыз ету талаптарын сақтау | | |
| | Ендірілген жүйелер серверінің жоғары қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 58 | <p>талаптарды сақтау: 1) резервтік желдеткіштерді, қуат көздерін, дискілерді және енгізу-шығару адаптерлерін қызу ауыстыру; 2) сыни оқиғалар туралы ескертулер; 3) сыни компоненттердің жай-күйін үздіксіз бақылауды қолдау және бақыланатын көрсеткіштерді өлшеу</p> | | |
| 59 | <p>Құпия АЖ-да, құпия ЭАР-да және қолжетімділігі шектелген дербес деректерді қамтитын ЭАР-да пайдаланылатын ақпаратты тасығыштарды пайдаланудан шығарған кезде ақпаратты кепілдікті жоюдың бағдарламалық және аппараттық қамтылымы қолдану жөніндегі талапты сақтау</p> | | |
| 60 | <p>Локалдық желі схемасының болуы</p> | | |
| 61 | <p>Аппараттық-бағдарламалық кешен және деректерді сақтау жүйесінің серверлік жабдығы серверлік үй-жайда орналастырылу талаптарын сақтау</p> | | |
| 62 | <p>Серверлік үй-жай өте алмайтын, терезе ойықтары жоқ бөлек үй-жайларда орналастыру. Терезе ойықтары болған жағдайда, олар жабылады немесе жанбайтын материалдармен бекітіледі. Қабырға, төбе мен еден сырттары үшін шаң шығармайтын және жинамайтын материалдар пайдаланылу. Еден жабыны үшін антистатикалық қасиеті</p> | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| | <p>бар материалдар пайдаланылады.</p> <p>Серверлік үй-жай ластайтын заттардың кіруінен қорғалады.</p> <p>Серверлік үй-жайдың қабырғалары, есіктері, төбесі, едені және аралықтары үй-жайдың герметикалығын қамтамасыз ету талаптарын сақтау</p> | | |
| 63 | <p>Серверлік үй-жай кабельдік жүйелер мен инженерлік коммуникацияларды орналастыруға арналған фальшеденмен және (немесе) фальштөбемен жабдықталудың болуы</p> | | |
| 64 | <p>Серверлік үй-жай арқылы кез келген транзиттік коммуникациялардан өту бойынша алып тастау жөніндегі талаптарды сақтау. Кәдімгі және өртке қарсы сумен жабдықтау, жылыту және кәріз трассалары серверлік үй-жайдан тыс шығарылады және жоғарғы қабаттарда серверлік үй-жайдың үстінде орналастырылмайды.</p> | | |
| 65 | <p>Негізгі және резервтік серверлік үй-жайлардың бір-бірінен шалғайдағы ғимараттарда қауіпсіз қашықтықта орналасуы бойынша талаптарды сақтау.</p> <p>Резервтік серверлік үй жайларға қойылатын талаптар негізгі серверлік үй жайларға қойылатын талаптармен бірдей.</p> | | |
| | <p>Серверлік үй-жайда екінші және үшінші сыныпты ақпараттандыру объектілерімен бірінші сыныпты ақпараттандыру объектілерінің</p> | | |

66

сыныптауышына сәйкес жататын бір виртуалды ортада, бір серверлік жабдықта, бір монтаждық шкафта немесе ЭАР, ИР, СБӨ, АЖ тірегінде орналастыруды алып тастау жөніндегі талаптарды сақтау

Лауазымды адам (-дар) _____

_____ лауазымы қолы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы _____

_____ лауазымы қолы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)